**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 28 шілдедегі № 321 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 29 шілдеде № 21028 болып тіркелді.

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының қоса берілген тізімі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Халықаралық ынтымақтастық департаменті Қазақстан Республикасы заңнама тәртібінде белгіленген:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің ресми интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң департаментіне осы бұйрықтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәлімет ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының жетекшілік ететін Білім және ғылым вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі* | *А. Аймагамбетов* |

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2020 жылғы 28 шілдедегі
№ 321 бұйрығымен
бекітілген

## Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізімі

1. "Болашақ" халықаралық стипендиясы бойынша шығыс нормаларын, оқуға және тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 13 сәуірдегі № 163 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7613 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2012 жылғы 29 мамырдағы № 274-278 ( 27352) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мына:

1) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға;

2) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (ауылдық елдімекеннен шыққан үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін);

3) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тағылымдамадан өтуге;

4) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес, резидентурада оқуды ұйымдастыруға;

5) осы бұйрыққа 6-қосымшаға сәйкес, Phd докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шарттар бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елдер бөлінісінде "Болашақ" халықаралық стипендиясының көлемін анықтау үшін шығыс нормаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Өзге де шығыс нормалары:

визаны рәсімдеу, ұзарту (консулдық алым), виза (консулдық алымды) рәсімдеу үшін Елшіліктің талабы бойынша міндетті көрсетілетін қызметтерді;

шетелдік жоғары оқу орындарына 5-тен (бестен) аспайтын сауалнама нысанын ресімдеу және беруді;

қабылдаушы елдің уәкілетті органдарында және шетелдік жоғары оқу орындарында стипендиаттардың тіркелуін;

шет тілін білу деңгейін анықтауға қорытынды бақылау тестілеуді қоса алғанда, Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешімі бойынша өтуі қажет болған жағдайда тілдік курстарды;

стипендиаттың академиялық оқуға, тілдік курстарға, магистратура алдындағы дайындық курстарына түсу кезінде, сондай-ақ тілдік және магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу, тағылымдама процесінде қажетті шетелдік жоғары оқу орындарының, тағылымдамаларды, магистратура алдындағы дайындықты өткізуді жүзеге асыратын шетелдік ұйымның (бұдан әрі - шетелдік ұйым), тілдік курстардың ( бұдан әрі - тілдік мектептер) талаптары бойынша міндетті қызметтерді;

тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан өту, академиялық оқу, тағылымдамадан өту елдерінің және/немесе шетелдік жоғары оқу орнының, тілдік мектептің, шетелдік ұйымның талаптары бойынша міндетті медициналық тексерісті;

стипендиаттың банк карточкасын шығару, әрекет ету мерзімінің аяқталуы бойынша оны қайта шығару және оған қызмет көрсетуді;

шетелдік жоғары оқу орындарының, тілдік мектептер немесе шет мемлекеттердің уәкілетті органдары айқындайтын шетелдік ұйымдардың (бұдан әрі - шетелдік әріптестер) стипендиаттың үлгерімі (транскрипт) туралы ресми құжаттарды ұсынуын, шетелдік студенттерге арналған жазатайым жағдайлардан, аурудың кенеттен

туындауынан медициналық сақтандыруды, шетелдік әріптестердің академиялық оқуды, тілдік курстарды, магистратура алдындағы дайындықты, тағылымдаманы ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету шарттары бойынша өз міндеттемелерін орындауына байланысты шығыстарды қамтиды.

Шығыстарды төлеу растаушы құжаттардың негізінде нақты шығыстар бойынша жүргізіледі.";

3-тармақтың бірінші және екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жол жүру бойынша шығыстар "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалғаннан кейін Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу , тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту орнына академиялық оқу немесе тілдік курстардан, магистратура алдындағы дайындықтан, тағылымдамадан өту басталуына дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен ерте емес және кері бағытта тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық, академиялық оқу немесе тағылымдамадан өту аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей шыққан кезде жүргізімді, сондай-ақ академиялық оқу орнынан Қазақстан Республикасында тұратын жеріне дейін және кері бағытта ұзақтығы 2 (екі) ай каникулдық кезеңде Аустралия, Жаңа Зеландия және Солтүстік Америка елдерінде магистратура бағдарламасы бойынша оқитын стипендиаттарға шетелдік жоғары оқу орнының академиялық күнтізбесіне сәйкес каникул демалысы басталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен ерте емес және кері бағытта каникулдық кезең аяқталғанға дейін күнтізбелік 15 (он бес) күннен кешіктірмей жүргізіледі.

Академиялық оқу 1 (бір) оқу жылынан ұзақ болған жағдайда, жол жүру бойынша шығыстар Қазақстан Республикасында тұратын жерінен оқитын жеріне оқудың әрбір оқу жылы басталуына дейін күнтізбелік 60 (алпыс) күннен ерте емес және кері бағытта оқудың әрбір оқу жылы аяқталған соң күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей жол жүру бойынша жүргізіледі.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер немесе жалпы конкурс санаттары бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

тақырыбы және бірінші жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шарт

Нұр-Сұлтан қ. 20 __ ж. "___"______";

1.2-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ " стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері бойынша Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) отырысының 20 __жылғы "__" ______________

хаттамасының негізінде Орталық "Болашақ" стипендиясы шеңберінде ______________ ________________________________ (бұдан әрі - Оқу орны), оқу елі ___________, магистратура бағдарламасы бойынша _______________________________________ мамандығында оқудың ______ жыл ______ ай жалпы мерзімімен (магистратура алдындағы дайындық пен академиялық оқу арасындағы кезеңді қоспағанда):

Стипендиаттың оқу ұйымындағы оқуы басталған күнінен бастап академиялық оқыту елінде магистратура алдындағы дайындықтан өтудің ___________ мерзімі ( қажет болған жағдайда);

Стипендиаттың оқу орнындағы оқуы басталған күнінен бастап академиялық оқудан өтудің ____ семестр/триместр ___ жыл ___ ай мерзімі кезеңдерінен тұратын Стипендиаттың оқуын ұйымдастырады.";

2.1.4 және 2.1.5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.4. Стипендиатқа Республикалық комиссия және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия хаттамалық шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған қатысты қабылданған шешімдер туралы хабарлауға.

2.1.5. Стипендиаттың сауалын алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Стипендиатты Оқу орнында тіркеу үшін, сондай-ақ визалық ресімдеу үшін кепілхат ұсынуға.";

2.3.1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.1-1. Қазақстан Республикасында тұратын жерінен магистратура алдындағы дайындықтан өту, академиялық оқу орнына виза алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде және кері бағытта магистратура алдындағы дайындықтан өту, академиялық оқу аяқталуына дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жол жүру бойынша билетті сатып алу үшін Орталыққа өтініш беруге.";

2.3.4 және 2.3.5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.4. Стипендиаттың оқу орнында оқуы басталғаннан кейінгі күнтізбелік 60 ( алпыс) күн ішінде Оқу орны белгілеген міндетті практикасын және/немесе тағылымдамасын көрсете отырып, Орталыққа оқу жоспарын бекіту үшін ұсынуға.

Оқу жоспарын құру кезінде оқу орны жүктемені толық жинамауға рұқсат беретін соңғы семестрді қоспағанда, толық жүктememен студенттің (full-time student - күндізгі бөлім студенті) мәртебесін ұстану үшін қажетті сандағы кредитті жинауға.

Орталықта ұсынылған оқу жоспарына ескертулер болған жағдайда оларды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа түзетілген оқу жоспарын қайта бекіту үшін ұсынуға.

Бекітілген оқу жоспарына 1.2-тармағына сәйкес оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Орталыққа оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістері туралы оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға.

2.3.5. Стипендиаттың Оқу орнында оқуы басталғаннан кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Орталыққа Оқу орнының әкімшілігі Орталыққа құпия ақпаратты (үлгерімі туралы мәлімет, академиялық мәртебе, оқу мерзімі) беруге құқылы болатын қол қойылған рұқсатты ұсынуға. Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің ( семестр, триместр немесе оқу жылы) нәтижелері алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Оқу орнынан академиялық үлгерім туралы, оның ішінде Оқу орнынан шығару туралы ресми бланктегі, академиялық кураторлың қолы қойылған ресми жазбаны Орталыққа ұсынуға.";

2.3.9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.9. Бекітілген оқу жоспарына сәйкес оқу орнының күндізгі бөліміне мамандығы не оның баламасы бойынша осы шарттың 1.2-тармағында көрсетілген дәрежені алуға, білім бағдарламасы бойынша өтуге және толық курсты уақытылы аяқтауға. Бекітілген оқу жоспарында белгіленген мерзімдерде диссертация қорғауға.";

2.3.14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.14. Бекітілген оқу жоспарында көзделген практикадан/тағылымдамадан өту басталғанға дейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде Орталыққа практиканың/ тағылымдаманың басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып не Стипендиаттың, ол Қазақстан Республикасының аумағында өтетін болса, практикадан/тағылымдамадан өтуі туралы қажетті құжаттарды практикадан/тағылымдамадан өту орнынан ресми хатты ұсынуға.";

2.3.18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.18. Бекітілген Оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсы аяқталғаннан кейін 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға. ";

мынадай мазмұндағы 2.3.19-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.19-1. Осы Шарттың 2.3.19-тармағында көрсетілген диссертациялық/дипломдық жұмысты жариялау кезінде "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде осы жұмысты жазғанына сілтеме жасау және көрсету қажет.";

2.3.23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.23. Жұмысқа орналасқаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, тоқсан сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін мақұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы, оның ішінде жұмыс берушіні ауыстырған кездегі өзекті мәселені (жұмыс орнынан анықтама) (түпнұсқасы не

сканерленген құжатты электронды пошта арқылы), зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ өзгерген жағдайда байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекен-жайын, телефон нөмірлерін (үй, жұмыс, ұялы), электрондық мекен-жайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.21.-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен бастап Қағидаларының 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес еңбекпен өтеудің қажетті мерзімінен 30% артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.7-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Нұр-Сұлтан қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.";

көрсетілген бұйрыққа 3-қосымша алып тасталсын;

көрсетілген бұйрыққа 4-қосымшаның оң жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 13 сәуірдегі
№ 163 бұйрығына 3-қосымша";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған (мемлекеттік қызметшілер, педагогтер, ғылыми қызметкерлер , жоо түлектері, мәдениет қызметкерлері, шығармашылық қызметкерлер, бұқаралық ақпарат құралдары редакциясының қызметкерлері санаттары бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін) үлгілік шартта:

Тақырыбы, бірінші жолы және преамбуласы мынадай редакцияда жазылсын:

"Магистр дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (ауылдық елдімекеннен шыққан үміткерлер санаты бойынша конкурсқа қатысқан адамдар үшін) үлгілік шарт

Нұр-Сұлтан қ. 20 __ ж. "___"______

Бұдан әрі "Орталық" деп аталатын "Халықаралық бағдарламалар орталығы" акционерлік қоғамы атынан, Жарғы негізінде әрекет ететін Президент ______________ ________________________ бір тараптан, және бұдан әрі "Стипендиат" деп аталатын, Қазақстан Республикасының азаматы(шасы) ____________________________________ __ ______________________________________ (Т.А.Ә.) екінші тараптан, бұдан әрі бірлесе "Тараптар", жеке-жеке "Тарап" деп атала отырып, төмендегілер туралы осы шартты жасасты:";

1.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы "11" маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ " стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері

бойынша Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) отырысының 20 __жылғы "__" ______________ хаттамасының негізінде Орталық "Болашақ" стипендиясы шеңберінде шетелдік жоғары оқу орнында (бұдан әрі - оқу орны), оқу елі______________, магистратура бағдарламасы бойынша ______________________________________ мамандығында, барлығы ___ жыл ___ ай мерзімі кезеңдерінен тұратын оқудың ______ жыл ______ ай жалпы мерзімімен (тілдік курстар, магистратура алдындағы дайындық және академиялық оқу арасындағы кезеңді қоспағанда) Стипендиаттың оқуын ұйымдастырады:

Стипендиаттың оқу ұйымындағы (ағылшын тілін үйрену үшін) оқуы басталған күнінен бастап Қазақстан Республикасында тілдік курстардан өтудің ___ айдан аспайтын мерзімі;

Стипендиаттың оқу ұйымындағы оқуы басталған күнінен бастап шетелде тілдік курстардан өтудің ____ айдан аспайтын мерзімі;

Стипендиаттың оқу ұйымындағы оқуы басталған күнінен бастап академиялық оқыту елінде магистратура алдындағы дайындықтан өтудің ___ айдан аспайтын мерзімі (қажет болған жағдайда);

Стипендиаттың оқу орнындағы оқуы басталған күнінен бастап академиялық оқудан өтудің ____ семестр/триместр, барлығы ___ жыл ___ ай мерзімі.";

1.3-тармақ алынып тасталсын;

2.1.2- тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.2. Республикалық комиссияның шешімі бойынша Стипендиатты тілдік курстардан өтуді жүзеге асыратын ұйымның жақын жинағына осы Шартты жасаған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей орналастыруға.";

2.1.6 және 2.1.7-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.6. Стипендиаттың сауалын алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күн ішінде Стипендиатты оқу орнында тіркеу үшін, сондай-ақ визалық ресімдеу үшін кепілхат ұсынуға.

2.1.7. Стипендиаттың осы Шарттың 2.3.21-1-тармағында белгіленген мерзімінің аяқталуы бойынша жазбаша өтінішінің негізінде жұмыс іздеуге жәрдемдесуге.";

2.3.8 және 2.3.9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.8. Стипендиаттың оқу орнында оқуын бастағаннан кейінгі күнтізбелік 60 ( алпыс) күн ішінде Оқу орны белгілеген міндетті практикасын және/немесе тағылымдамасын көрсете отырып, Орталыққа оқу жоспарын бекіту үшін ұсынуға.

Оқу жоспарын құру кезінде Оқу орны жүктемені толық жинамауға рұқсат беретін соңғы семестрді қоспағанда, толық жүктememен студенттің (full-time student - күндізгі бөлім студенті) мәртебесін ұстану үшін қажетті кредит санын жинауға.

Орталықта ұсынылған оқу жоспарына ескертулер болған жағдайда оларды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа түзетілген оқу жоспарын қайта бекіту үшін ұсынуға.

Бекітілген оқу жоспарына 1.2-тармаққа сәйкес оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Орталыққа оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістері туралы оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға.

2.3.9. Стипендиаттың оқу орнындағы оқуы басталғаннан кейінгі күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Орталыққа құпия ақпаратты (үлгерімі туралы мәлімет, академиялық мәртебесі, оқу мерзімі) беруге қажет болған жағдайда Орталыққа Оқу орнының әкімшілігі қол қойылған рұқсатты (релиз-нысан) ұсынуға. Орталыққа Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) нәтижелері алынған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Оқу орнынан академиялық үлгерім туралы, оның ішінде Оқу орнынан шығару туралы ресми жазбаны академиялық куратордың қолы қойылған ресми бланкіде ұсынуға.";

2.3.13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.13. Бекітілген Оқу жоспарына сәйкес оқу орнының күндізгі бөліміне мамандығы не оның баламасы бойынша осы шарттың 1.2-тармағында көрсетілген дәрежені алуға, білім бағдарламасы бойынша өтуге және толық курсты уақытылы аяқтауға. Бекітілген оқу жоспарында белгіленген мерзімдерде диссертация қорғауға.";

2.3.18-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.18. Бекітілген оқу жоспарында көзделген практикадан/тағылымдамадан өту басталғанға дейін күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде Орталыққа практиканың/ тағылымдаманың басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып не Стипендиаттың, ол Қазақстан Республикасының аумағында өтетін болса, практикадан/тағылымдамадан өтуі туралы қажетті құжаттарды практикадан/тағылымдамадан өту орнынан ресми хатты ұсынуға.";

2.3.21-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.21. Практикадан/тағылымдамадан өту басталғаннан кейін күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде Орталыққа практикадан/тағылымдамадан өту бағдарламасын ұсынуға."
;

мынадай мазмұндағы 2.3.21-1 және 2.3.21-2-тармақтармен толықтырылсын:

"2.3.21-1. Бекітілген оқу жоспарында көзделген оқу мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстанға келген күннен бастап 6 (алты) ай ішінде өз бетімен жұмыс іздеуге.

2.3.21-2. Осы Шарттың 2.3.21-1-тармақшасында көрсетілген мерзімде жұмысқа орналаса алмаған жағдайда, Стипендиат жұмысқа орналаспаған себебін және жұмысқа

орналасу мақсатымен жүгінген ұйымдарды көрсете отырып, Орталыққа жұмыс іздеуге жәрдемдесу үшін жазбаша түрде жүгінуге.";

2.3.22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.22. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген оқудың толық курсын аяқтаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күн ішінде Қазақстан Республикасына келуге, Орталыққа Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгісі қойылған паспорт көшірмесін ұсынуға және Қағидаларының 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес алған мамандығы бойынша үзіліссіз еңбек қызметін жүзеге асыруға.";

мынадай мазмұндағы 2.3.23-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.23-1. Осы Шарттың 2.3.23-тармағында көрсетілген диссертациялық/дипломдық жұмысты жариялау кезінде "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде осы жұмысты жазғанына сілтеме жасау және көрсету қажет.";

2.3.24 -тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.24. Жұмысқа орналасқаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, әрбір тоқсан сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.22.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін мақұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы, оның ішінде жұмыс берушіні ауыстырған кездегі өзекті мәселені (жұмыс орнынан анықтама) (түпнұсқасы не сканерленген құжатты электронды пошта арқылы), зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ өзгерген жағдайда байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекен-жайын, телефон нөмірлерін (үй, жұмыс, ұялы), электрондық мекен-жайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.21-2-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен бастап Қағидаларының 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес еңбекпен өтеудің қажетті мерзімінен 30 % артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.8-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

2.5, 2.5.1, 2.5.2, 2.5.3, 2.5.4, 2.5.5, 2.5.6, 2.5.7, 2.5.8, 2.6, 2.6.1 және 2.6.2-тармақтары алынып тасталсын;

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Нұр-Сұлтан қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.";

8.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.7. Осы Шарт бірдей заңды күшке ие, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі 2 (екі) данада құрылған. Осы Шарттың бір данасы Стипендиатқа, екінші данасы Орталыққа беріледі.";

9-бөлім мынадай редакцияда:

"ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЛАРЫ, ДЕРЕКТЕМЛЕРІ МЕН ҚОЛДАРЫ:

"ОРТАЛЫҚ"/"ЦЕНТР"
"Халықаралық бағдарламалар орталығы" АҚ/АО " Центр международных программ" Мекенжайы/ Адрес:___________________
тел. ____________________________
БСН:________________________
IBAN: ________________________
Банктік реквизиттер/Банковские реквизиты: _____ ____________

"СТИПЕНДИАТ"/"СТИПЕНДИАТ"
____________________________
(Т.А.Ә.)/ (Ф.И.О.)
Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жерінің мекенжайы/ Адрес места жительства в Республике Казахстан: ________________________ к-сі/улица ______, үй/дом № _______, пәтері/кв. № ______, тел.________ _ _, e-mail ______________________
ЖСН ______________________
Паспорт/жеке куәлік Паспорт/уд.личности № __________________________, берілген/выдан __________________, берілген күні/дата выдачи _____ __________________________";

көрсетілген бұйрыққа 5-қосымшаның оң жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
2012 жылғы 13 сәуірдегі
№ 163 бұйрығына
4-қосымша"

көрсетілеген бұйрықпен бекітілген Тағылымдамадан өтуге арналған үлгілік шартта:

бірінші жолы келесі редакцияда жазылсын:

"Нұр-Сұлтан қ. 20 __ ж. "___"______";

1.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) отырысының 20___жылғы "___"_________ хаттамасының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы "11" маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ " стипендиясына үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері бойынша Орталық Стипендиаттың _____________________________________(бұдан әрі - шетелдік ұйым ), тағылымда өту елінде _________________________, тағылымдама бағдарламасы бойынша_____________________________________ мамандығында "Болашақ" стипендиясы бойынша тағылымдамадан өтудің жалпы________ай мерзімімен тағылымдамадан өтуін ұйымдастырады.";

2.1.3-тармақ алынып тасталсын;

2.1.4. және 2.1.5-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.4. Стипендиатқа Республикалық комиссия және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия

хаттамалық шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған қатысты қабылданған шешімдер туралы хабарлауға.

2.1.5. Стипендиаттың сауалын алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Стипендиатты Шетелдік ұйымда тіркеу үшін, сондай-ақ визалық ресімдеу үшін кепілхат ұсынуға.";

2.2.2-тармақ алынып тасталсын;

2.3.1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.1-1. Қазақстан Республикасында тұратын жерінен тағылымдамадан өту орнына виза алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде және кері бағытта тағылымдамадан өту аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жол жүру бойынша билетті сатып алу үшін Орталыққа өтініш беруге.";

2.3.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.4. Шетелдік ұйым белгілеген мерзімдерде Шетелдік ұйым мен Жұмыс беруші бекіткен тағылымдамадан өту бағдарламасында көзделген іс-шаралардың барлық түрлерін орындауға. Тағылымдамадан өту бағдарламасының іс-шаралары орындалмаған жағдайда, Шетелдік ұйым белгілеген мерзімде, бірақ тағылымдамадан өтудің жалпы мерзімінен асырмай кемшіліктерді жоюға.";

2.3.13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.13. Тағылымдамадан өту мерзімі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасына келу күнінен бастап 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Орталыққа:

1) тағылымданың аяқталғаны туралы өтініш;

2) Қазақстан Республикасына кіруі туралы белгімен паспорт көшірмесін;

3) Шетелдік ұйым белгілеген үлгі бойынша тағылымдамадан өтудің аяқталғандығы туралы мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі құжаттардың көшірмесін, оның ішінде бар болған жағдайда мемлекеттік немесе орыс тіліне нотариалды куәландырылған аудармасымен тағылымдамадан өткені туралы сертификатты. Шетелдік ұйым белгілеген құжаттарды беру жағдайлары бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа тиісті құжат шетелдік ұйымның растама хатымен, жетекші қол қойған және ұсынылатын мерзім мен уақытылы ұсынылмау себептері көрсетілген жазбаша өтінішті;

4) тағылымдама жетекшісінен қорытынды пікірді;

5) тағылымдама нәтижесі туралы есепті ұсынуы қажет.";

2.3.15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.15. Шетелдік ұйымда бекітілген тағылымдамалар бағдарламасында көзделген тағылымдамадан өту мерзімі аяқталған соң Қазақстан Республикасына қайтып оралғаннан кейін осы шарттың 2.3.14-тармағына сәйкес, тоқсан сайын Орталыққа еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерін мақұлдау үшін жұмыс орнынан анықтама ( түпнұсқасы не сканерленген құжатты электронды пошта арқылы), зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ өзгерген жағдайда байланыс ақпараттарды (тұрғылықты

жерінің мекен-жайын, телефон нөмірлерін (үй, жұмыс, ұялы), электрондық мекен-жайын) ұсынуға.";

2.4.3-тармақ алынып тасталсын;

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Нұр-Сұлтан қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.";

көрсетілген бұйрыққа 6-қосымшаның оң жоғарғы бұрышы келесі редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы<br>Білім және ғылым министрінің<br>2012 жылғы 13 сәуірдегі<br>№ 163 бұйрығына<br>5-қосымша";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Резидентурада оқу үшін оқуды ұйымдастыруға ( өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

тақырыбы және бірінші жолы мынадай редакцияда жазылсын:

"Резидентурада оқу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шарт

Нұр-Сұлтан қ. 20 __ ж. "___"______";

1.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) отырысының 20___жылғы "___"__________ хаттамасының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20__жылғы "___"________ №_____ қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ " стипендиясына үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері бойынша Орталық Стипендиаттың_______________________________________________________________

(оқу елінің, оқу орнының атауы) (бұдан әрі - Оқу орны)

_______________________________________________________________

(академиялық (ғылыми) дәрежесін және мамандық атауын көрсетіңіз) келесі кезеңі бойынша:

Стипендиаттың Оқу орнында оқуын бастаған күнінен бастап, академиялық оқудан өтудің_______семестр/триместр мерзімі, барлығы______жыл________ай кезеңдерінен тұратын "Болашақ" стипендиясы бойынша оқудың жалпы______жыл,_____ай мерзімімен оқуын ұйымдастырады.";

2.1.5-тармақ алынып тасталсын;

2.1.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.6. Стипендиаттың сауалын алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде Стипендиатты Оқу орнында тіркеу үшін, сондай-ақ визалық ресімдеу үшін кепілхат ұсынуға.";

2.3.1-тармақ алынып тасталсын

2.3.1-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.1-1. Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу орнына виза алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде және кері бағытта академиялық оқу аяқталуына дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жол жүру бойынша билетті сатып алу үшін Орталыққа өтініш беруге.";

2.3.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.5. Стипендиаттың оқу орнында оқуын бастағаннан кейінгі күнтізбелік 60 ( алпыс) күн ішінде Оқу орны белгілеген міндетті оқу практикасын және/немесе тағылымдамасын көрсете отырып, Орталыққа оқу жоспарын бекіту үшін ұсынуға.

Оқу жоспарын құру кезінде Оқу орны жүктемені толық жинамауға рұқсат беретін соңғы семестрді қоспағанда, толық жүктемемен студенттің (full-time student - күндізгі бөлім студенті) мәртебесін ұстану үшін қажетті кредит санын жинауға.

Орталықта ұсынылған оқу жоспарына ескертулер болған жағдайда оларды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа түзетілген оқу жоспарын қайта бекіту үшін ұсынуға.

Бекітілген оқу жоспарына оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді. Орталыққа оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістері туралы хабарлауға.

Орталыққа оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістері туралы, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға.";

2.3.15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.15. Бекітілген оқу жоспарында көзделген практикадан/тағылымдамадан өту басталғанға дейін күнтізбелік 40 (қырық) күн ішінде Орталыққа практиканың/ тағылымдаманың басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып Стипендиаттың, ол Қазақстан Республикасының аумағында өтетін болса, практикадан/тағылымдамадан өтуі туралы қажетті құжаттарды практикадан/тағылымдамадан өту орнынан ресми хатты ұсынуға.";

мынадай мазмұндағы 2.3.20-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.20-1. Осы Шарттың 2.3.20-тармағында көрсетілген диссертациялық/дипломдық жұмысты жариялау кезінде "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде осы жұмысты жазғанына сілтеме жасау және көрсету қажет.";

2.3.24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.24. Жұмысқа орналасқаннан кейін күнтізбелік 10 (он) күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, әрбір тоқсан сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін мақұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы, оның ішінде жұмыс берушіні ауыстырған кездегі өзекті мәліметті (жұмыс орнынан анықтама) (түпнұсқасы не сканерленген құжатты электронды пошта арқылы), зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ өзгерген жағдайда байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекен-жайын, телефон нөмірлерін (үй, жұмыс, ұялы), электрондық мекен-жайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.22-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен бастап Қағидалардың 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес еңбекпен өтеудің қажетті мерзімінен 30% артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.7-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

2.4.3-тармақ алынып тасталсын;

3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.7. Осы Шарт бойынша Орталық төлемдері бекітілген оқу жоспарында көзделген академиялық оқу, бақылау (сынақтар, емтихандар және басқалар) тапсыру, міндетті оқу практикасын және/немесе тағылымдамадан өту кезеңдеріне ғана жүргізіледі. Оқуды, міндетті оқу практикасын және/немесе тағылымдаманы мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда, стипендияны төлеу нақты деректер бойынша жүзеге асырылады.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Нұр-Сұлтан қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.";

көрсетілген бұйрыққа 7-қосымшаның оң жоғарғы бұрышы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы<br>Білім және ғылым министрінің<br>2012 жылғы 13 сәуірдегі<br>№ 163 бұйрығына<br>6-қосымша";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Phd докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға (өз бетімен түскендер санаты бойынша конкурсқа қатысатын адамдар үшін) арналған үлгілік шартта:

тақырыбы және бірінші жолы мынадай редакцияда:

"Phd докторы, бейіні бойынша доктор дәрежесін алу үшін оқуды ұйымдастыруға арналған үлгілік шарт

Нұр-Сұлтан қ. 20 __ ж. "___"______";

1.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1.2. Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия (бұдан әрі - Республикалық комиссия) отырысының 20___жылғы "___"__________ хаттамасының негізінде, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы "11" маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларына (бұдан әрі - Қағидалар) сәйкес жүргізілген "Болашақ " стипендиясына үміткерлерді іріктеу конкурсының нәтижелері бойынша Орталық Стипендиаттың_______________________________(оқу елінің, оқу орнының атауы) ( бұдан әрі - Оқу орны)

_______________________________________ докторантура бағдарламасы бойынша

_______________________________________ бойынша:

(мамандық атауын көрсетіңіз)

Стипендиаттың Оқу орнында оқуын бастаған күнінен бастап, академиялық оқудан өтудің барлығы______жыл________ай кезеңдерінен тұратын "Болашақ" стипендиясы бойынша оқудың жалпы______жыл_____ай мерзімімен оқуын ұйымдастырады.";

2.1.4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.4. Стипендиатқа Республикалық комиссия және/немесе "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия хаттамалық шешім қабылдаған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде оған қатысты қабылданған шешімдер туралы хабарлауға.";

2.1.5- тармақ алынып тасталсын;

2.1.6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.1.6. Стипендиаттың сауалын алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күн ішінде Стипендиатты Шетелдік ұйымда тіркеу үшін, сондай-ақ визалық ресімдеу үшін кепілхат ұсынуға.";

2.3.1 және 2.3.1-1-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.1. Орталық белгілеген мерзімдерде оқуды ұйымдастыру және Стипендиаттың шарттық міндеттемелерін орындауын бақылау үшін қажетті құжаттарды Орталыққа ұсынуға, сондай-ақ денсаулық жағдайы, үлгерімі, ата-анасы, тұратын жері, байланыс деректері туралы тек қана сенімді мәліметтерді ұсынуға.

2.3.1-1. Қазақстан Республикасында тұратын жерінен академиялық оқу орнына виза алғаннан кейін 2 (екі) жұмыс күні ішінде және кері бағытта академиялық оқу аяқталғанға дейін күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірмей жол жүру бойынша билетті сатып алу үшін Орталыққа өтініш беруге.";

2.3.2-тармақ алынып тасталсын;

2.3.5 және 2.3.6-тармақтары мынадай редакцияда:

"2.3.5. Стипендиаттың Оқу орнында оқуы басталған күннен бастап күнтізбелік 60 ( алпыс) күн ішінде Оқу орны белгілеген міндетті оқу практикасын және/немесе тағылымдамасын көрсете отырып, Орталыққа жеке оқу жоспарын бекіту үшін ұсынуға.

Жеке оқу жоспарын құру кезінде Оқу орны жүктемені толық жинамауға рұқсат беретін соңғы семестрді қоспағанда, толық жүктемемен студенттің (full-time student-күндізгі бөлімнің студенті) мәртебесін ұстану үшін талап етілетін кредит санын жинауға.

Орталықта ұсынылған жеке оқу жоспарына ескертулер болған жағдайда оларды алған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа түзетілген жеке оқу жоспарын қайта бекіту үшін ұсынуға.

Бекітілген жеке оқу жоспарына оқу мерзімдерін ұлғайтуды және қосымша қаржы шығындарын тудыратын өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол берілмейді.

Орталыққа жеке оқу жоспарының оқу мерзімдерін ұлғайтуға және қосымша қаржы шығындарына әкеп соқпайтын өзгерістер туралы оған өзгерістер мен толықтырулар енгізілген күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде хабарлауға.

2.3.6. Стипендиаттың Оқу орнында оқуы басталғаннан кейінгі 15 (он бес) күнтізбелік күн ішінде Орталыққа Оқу орнының әкімшілігі Орталыққа құпия ақпаратты (үлгерім туралы мәлімет, академиялық мәртебе, оқу мерзімі) беруге құқылы болатын қол қойылған рұқсатты ұсынуға.

Оқу орны белгілеген әрбір аралық оқу кезеңінің (семестр, триместр немесе оқу жылы) нәтижелері алынған күннен бастап 10 (он) күнтізбелік күн ішінде Оқу орнынан академиялық үлгерім туралы, оның ішінде Оқу орнынан шығару туралы ресми бланктегі және академиялық куратордың қолы қойылған ресми жазбаны, сондай-ақ Стипендиаттың бекітілген жеке оқу жоспарын орындау бағасын және оқуын жалғастыру бойынша ұсынымды қамтитын ғылыми жетекшінің пікірін Орталыққа ұсынуға.";

2.3.10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.10. Бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқу орнының күндізгі бөліміне мамандығы не оның баламасы бойынша осы шарттың 1.2-тармағында көрсетілген білім бағдарламасы бойынша өтуге, дәреже алуға және толық курсты уақытылы аяқтауға. Бекітілген жеке оқу жоспарында белгіленген мерзімдерде диссертация қорғауға.".

2.3.15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.15. Бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген практикадан/тағылымдамадан өту басталғанға дейін 40 (қырық) күнтізбелік күн ішінде Орталыққа практиканың басталу және аяқталу мерзімін көрсете отырып практикадан өту орнынан ресми хатты не Стипендиаттың, ол Қазақстан Республикасының аумағында өтетін болса, практикадан/тағылымдамадан өтуін туралы қажетті құжаттарды ұсынуға.";

2.3.20-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.20. Бекітілген жеке оқу жоспарына сәйкес оқудың толық курсын аяқтағаннан кейін Қазақстан Республикасына оралған күннен бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде Орталыққа:

Қазақстан Республикасына келуі туралы белгісімен паспорттың көшірмесін;

оқудың аяқталғаны туралы өтінішті;

оқу орны белгілеген үлгі бойынша осы Шарттың 1.2-тармағында көрсетілген мамандық бойынша Phd докторы, бейін бойынша доктор дәрежесі тағайындалғаны туралы құжаттың мемлекеттік немесе орыс тілдеріндегі нотариалды куәландырылған аудармаларын;

диссертациялық/дипломдық жұмыс бағаларын көрсете отырып, қорытындысын қоса алғанда, оқуының барлық кезеңі бойынша транскриптті;

диссертациялық/дипломдық жұмыстың электрондық нұсқасын ұсынады.

Оқу орны белгілеген құжаттарды беру шарттары бойынша көрсетілген құжаттарды ұсыну мүмкін болмаған жағдайда, Орталыққа уақытылы тапсырмау себебі мен оқу орнының мөрімен және академиялық куратордың қолымен куәландырылған растама хатпен бірге тиісті құжаттың ұсынылатын мерзімі көрсетілген жазбаша өтінішті ұсынуы қажет.";

мынадай мазмұндағы 2.3.20-1-тармақпен толықтырылсын:

"2.3.20-1. Осы Шарттың 2.3.20-тармағында көрсетілген диссертациялық/дипломдық жұмысты жариялау кезінде "Болашақ" бағдарламасы шеңберінде осы жұмысты жазғанына сілтеме жасау және көрсету қажет.";

2.3.24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.24. Жұмысқа орналасқаннан кейін 10 (он) күнтізбелік күн ішінде бұл туралы Орталыққа растама құжаттарды қосымша бере отырып және ұйымның толық атауы мен қызметін, сондай-ақ жұмысын бастаған күнін көрсете отырып, тоқсан сайын Орталыққа осы шарттың 2.3.23.-тармағына сәйкес жұмыспен өтеу бойынша міндеттемелерін мақұлдау үшін жұмысқа орналасқаны туралы өзекті мәліметті (жұмыс орнынан анықтама) (түпнұсқасы не сканерленген құжатты электронды пошта арқылы), зейнетақы қорынан үзінді көшірмені, сондай-ақ өзгерген жағдайда байланыс ақпараттарды (тұрғылықты жерінің мекенжайын, телефон нөмірлерін (үй, жұмыс, ұялы ), электрондық мекенжайын) ұсынуға. Стипендиат осы Шарттың 2.3.22-тармақшасына сәйкес Орталықтың көмегінен бас тартқан, сондай-ақ жұмысқа ұзақ уақыт (Қазақстан Республикасына оралған сәттен бастап Қағидаларының 27-тармағының 5) тармақшасына сәйкес жұмыс өтелімінің қажетті мерізімінен 30% артық) орналаспаған жағдайда Орталық осы Шарттың 2.2.7-тармақшасында көзделген шараларды жүзеге асырады.";

2.3.26-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.3.26. Стипендиат осы шартқа қосымша келісімді және қажет болған жағдайда өтеу туралы келісімді шешім қабылданған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде жасасу арқылы оған жеке қатысты Республикалық комиссияның, "Болашақ" стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссияның хаттамалық шешімінде көрсетілген барлық, оның ішінде шығыстардың қажетті сомасын өтеу бойынша талаптарды орындауға.

Жоғарыда көрсетілген комиссияның шешімдерін орындамаған жағдайда, Республикалық комиссияның Стипендиатты стипендия тағайындалған күннен бастап жұмсалған шығыстарды өтеу шартымен "Болашақ" стипендиясынан айыру туралы мәселелерді қарауына бастамашылық жасауға.";

2.4.2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2.4.2. Орталыққа "Болашақ" стипендиясы иегерлерінің өтініштерін қарау жөніндегі комиссия тиісті шешім қабылдау үшін білім процесіне қатысты мәселелерді қарау үшін өтініш беруге құқылы.";

2.4.3-тармақ алынып тасталсын;

3.7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3.7. Осы Шарт бойынша Орталық төлемдері бекітілген жеке оқу жоспарында көзделген академиялық оқу, бақылау (сынақтар, емтихандар және басқалар) тапсыру, міндетті оқу практикасын және/немесе тағылымдамадан өту кезеңдеріне ғана жүргізіледі. Оқуды, міндетті оқу практикасын және/немесе немесе тағылымдаманы мерзімінен бұрын аяқтаған жағдайда стипендияны төлеу нақты деректер бойынша жүзеге асырылады.";

8.5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8.5. Келіссөздер арқылы келісімге келу мүмкін болмаған жағдайда, бірінші келіссөз басталған сәттен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде даулар Нұр-Сұлтан қаласындағы соттарда сот тәртібімен қаралуға жатады.".

2. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 7 қазандағы № 413 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8880 болып тіркелген, "Егемен Қазақстан" газетінің 2013 жылғы 11 желтоқсандағы № 272 (28211) санында жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Стипендиаттармен оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу, стипендиаттарды орналастыруды жүзеге асыру, стипендиаттардың үлгерім мониторингі мен еңбек қызметін жүзеге асыру, стипендиаттардың міндеттемелерін орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылған кепіл мүлкін ауыстыру , Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап тұрақсыздық төлемін (айыппұлды) қоса алғанда, стипендиатқа жұмсалған шығыстарды өтеу қағидаларында:

2-тармақта:

7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) магистратура алдындағы дайындық - Стипендиаттарды академиялық оқитын елінде 2 (екі) айдан аспайтын мерзімде шетелдік жоғары оқу орындарының, шетелдік ұйымдардың білім беру жүйесіне және оқыту әдістеріне бейімдеп дайындау;";

11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"11) түлек - тиісті академиялық дәреже тағайындалумен резидентураны аяқтаған немесе тағылымдамадан өткен және академиялық оқуды аяқтағаны немесе тағылымдамадан өткені туралы тиісті құжатты алған Стипендиат;";

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

"3-1. Стипендиат ауырған, іссапарда болған және оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасуға кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар болған жағдайда Стипендиат Іріктеу қағидаларының 27-тармағында көрсетілген мерзімнен кешіктірмей белгіленген мерзімде оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу мүмкін еместігі туралы растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда, оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасу мерзімін ұзарту туралы Комиссияға жүгінеді.

Оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасуды ұзарту мерзімі Комиссия шешім қабылдаған сәттен бастап 90 (тоқсан) күнтізбелік күннен аспайды.

Оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасасуды ұзарту Қағидалардың осы тармағында көрсетілген жағдайларда бір рет беріледі.";

11-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Академиялық оқуға жіберілетін және ауылдық аумақтарда соңғы 3 (жыл) жыл ішінде тұратын және соңғы 2 (екі) жылда жұмыс істейтін Стипендиаттар үшін оқу құнын кепілдік қамтамасыз етумен жабу пайызына қарамастан екі кепілгердің шарттық міндеттемелерді орындауын қамтамасыз ету ретінде ұсынылады.";

11-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11-1. Стипендиаттың, оның отбасы мүшелерінің (ата-анасы, жұбайы, балалары) меншік құқығына тиесілі, ауыртпалығы жоқ жылжымайтын мүлкі болмаған жағдайда, оқу шартында қарастырылған міндеттердің орындалуын қамтамасыз ету мақсатында Стипендиат оқу шығындары сомасына байланысты 5 (бес) кепілгерді ұсынады.";

20, 20-1, 21 және 22-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"20. Республикалық комиссияның шешімі бойынша Орталық тілдік мектептің жақындағы жиынына (оқудың басы), бірақ оқу/тағылымдамадан өту шартын жасау күнінен бастап күнтізбелік 6 (алты) айдан кешіктірмей тілдік курстарға орналастыру бойынша жұмыс жүргізеді.

20-1. Стипендиаттың орналасу мерзімін кейінге қалдыруды алу, оқу елін, жоғары оқу орнын, мамандығын ауыстыру, оқуды ұзарту не ауыстыру қажеттілігі туындаған жағдайда, Стипендиат растаушы құжаттарымен қоса өтінішпен Комиссияға жүгінеді.

Орналасуды кейінге қалдыруды Комиссия, оқуға/тағылымдамадан өтуге арналған шарттарды жасасқан күннен бастап күнтізбелік 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге ұсынады.

21. Орталық Стипендиаттың өтініші келіп түскен күннен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде кепілхат тапсырады.

22. Тілдік курстар оқу шартында көзделген мерзім ішінде жалғасады.";

22-1-тармақ алынып тасталсын;

22-2, 22-3 және 22-4-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"22-2. Орталық келесі модульдерді қамтитын магистратура алдындағы дайындыққа орналастыруды қамтамасыз етеді:

оқу елінің әлеуметтік-мәдени ортасымен, шетелдік ұйымның халықаралық студенттерге арналған ережелерімен және көрсетілетін қызметтерімен танысу;

білім беру жүйесін, оқу әдістерін, халықаралық студенттерге қойылатын талаптарды зерттеу және оқу елінің академиялық ортасымен танысу;

академиялық дағдыларды (кәсіби мәтіндерді жазу және оқу дағдылары, презентацияларды дайындай алу, магистратура бағдарламасының таңдалған бағыты бойынша салалық терминологияны, плагиатқа жол бермеу бөлігінде академиялық материалды пайдалану нормасын қолдану) жетілдіру;

диссертация немесе жобалық жұмыс жазу бөлігінде магистратура бағдарламасын сәтті игеру үшін қажетті зерттеушілік дағдыларды алу.

22-3. Орталық магистратура алдындағы дайындыққа орналастыруды шетелдік ұйымның халықаралық және/немесе мемлекеттік/ұлттық аккредитациясы не шетелдік студенттер үшін магистратура алдындағы дайындық бағдарламасын өткізуге рұқсаты болған жағдайда, конкурсқа қатысқан сәтінде немесе кейінгі жылдары бекітілген Конкурс жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылған шетелдік жетекші жоғары оқу орындары, шетелдік ұйымдар тізімінде (бұдан әрі - Тізім) көрсетілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы иегерлерінің оқуы және тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылған шетелдік ұйымдар базасында академиялық оқу басталар алдында жүзеге асырады.

22-4. Стипендиаттарды магистратура алдындағы дайындыққа немесе академиялық оқуға орналастыру магистратура алдындағы дайындыққа және/ немесе академиялық оқуға шартсыз қабылданғанын растайтын құжаттар болған жағдайда, тілдік курстарды аяқтаған күннен бастап 6 (алты) айдан кешіктірмей жүзеге асырылады.";

24-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Стипендиатты преференс-нысанға сәйкес Оқу орындарына академиялық оқуға орналастыру барысында Стипендиат өтініш-сауалнамаларды өз бетінше толтырады және Оқу орны белгілеген мерзімде тапсырады. Орталық өтініш-сауалнамаларды бекітеді және Стипендиаттарды бұл туралы ресми хабарламамен хабарландырады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Стипендиат Орталыққа ұшатын күнге дейін 60 (алпыс) күнтізбелік күннен ерте емес әуебилетін сатып алу туралы жазбаша нысанда өтініш білдіреді.";

мынадай мазмұндағы 27-1-тармақпен толықтырылсын:

"27-1. Стипендиат оқудың толық курсын аяқтаған күннен бастап 30 (отыз) күнтізбелік күн ішінде Қазақстан Республикасына оралады, Қоғамға Қазақстан Республикасына келгені туралы белгісі бар паспорттың көшірмесін, оқуды аяқтағаны

туралы өтінішті, оқу шартына сәйкес дәреже, мамандық берілгені туралы құжаттың нотариалды расталған аудармасын, диссертациялық/дипломдық жұмыс үшін бағасын көрсете отырып, бүкіл оқу кезеңіндегі транскриптті, диссертациялық/дипломдық жұмыстың электрондық нұсқасын ұсынады және алған мамандығы бойынша еңбек қызметін жүзеге асыруға кіріседі.";

28-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28-2. Еңбекпен өтеуді жүзеге асыру мүмкін болмаған жағдайда, Стипендиат растаушы құжаттарымен қоса еңбекпен өтеу бойынша міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру туралы өтінішпен Қоғамға жүгінеді. Қоғам Стипендиатқа еңбекпен өтеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді кейінге қалдыруды ұсыну туралы мәселені Комиссияның қарауына келесі жағдайларда енгізеді:

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орындарында докторлық зерттеу жүргізу мүмкіндігі болмаған жағдайда академиялық оқуды жалғастыру, Іріктеу қағидаларының 8-тармағына сәйкес "Болашақ" бағдарламасы шеңберіндегі оқуды қоспағанда;

еңбек қызметін жүзеге асыруға кедергі болған ауруды емдеу;

шетелде оқитын зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру;

мемлекеттік немесе әскери қызметші болып табылатын және шетелге уақытша жұмысқа немесе қызметтен өтуге жіберілген зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру;

жүктілік жағдайы, сондай-ақ үш жасқа дейін баланы (балаларды) тәрбиелеу.

Еңбекпен өтеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді орындауды кейінге қалдыру бір рет беріледі: Қағидаларының осы тармағында көрсетілген Іріктеу қағидаларының 8-тармағында белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, академиялық оқуды жалғастыру, шетелде оқитын зайыбымен немесе жұбайымен ілесіп жүру.";

30-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"30. Шетелде оқуға кедергі болатын аурулар туындаған жағдайда, Стипендиат шетелдік емдеу мекемесі берген анықтама көшірмесін ұсына отырып, Орталыққа бұл туралы хабарлайды және Қазақстан Республикасына оралғаннан кейін бір ай ішінде оқып жатқан мамандығы бойынша білімін жалғастыру мүмкіндігінің болмауы туралы қорытындымен емдеу ұйымынан денсаулық жағдайы туралы дәрігерлік-консультациялық комиссиясы берген (бұдан әрі - ДКК) анықтаманың түпнұсқасын ұсынады.";

37-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"37. Стипендиаттың өтініші негізінде Қоғам стипендиаттарға виза ресімдеу, ұзарту ( Стипендиат шетелде болған жағдайда), тұру, тамақтану, медициналық сақтандыру шығыстары бойынша Бұйрықпен бекітілген шығыстар нормаларына сәйкес тұруға және тамақтануға арналған стипендия бойынша екі айлық нормативтерден аспайтын аванс береді.";

46-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"46. Аванс аудару Стипендиаттың өтініші тіркелген күннен және аванс сомасын растайтын құжаттың көшірмесі ұсынылған күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.";

50 және 51-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Өз қаражаты есебінен жүргізілген шығыстарын өндіру үшін Стипендиат Қоғамға шығыстарды өндіруге жазбаша өтініш пен жүргізілген шығыстар сомасын растайтын құжаттарды ұсынады. Өтеу бойынша қаражатты аудару осы Қағидалардың 4 -қосымшасында көрсетілген стипендиаттардың шығыстарын төлегенін растайтын қажетті құжаттар тізбесіне сәйкес Стипендиат төлемді растайтын құжаттардың толық пакетін ұсынған жағдайда, Қоғам өтінішті тіркеген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

51. Стипендиат Республикалық комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясынан айырылған жағдайда, айыпақыны (айыппұлды) қоса алғандағы төлеуді , Республикалық комиссия "Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап стипендиатқа жұмсалған шығыстар өтелуге тиіс.

Стипендиат Комиссияның шешімі бойынша "Болашақ" стипендиясынан бас тартқан жағдайда, айыпақыны (айыппұлды) қоса алғандағы төлеуді, Республикалық комиссия " Болашақ" стипендиясын тағайындау туралы шешім шығарған күннен бастап стипендиатқа жұмсалған шығыстар өтелуге тиіс.

Стипендиат шығыстарды (берешекті) өтеу туралы шешім қабылданған және/немесе шығыстарды (берешекті) өтеу туралы хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде ерікті түрде өтеу туралы келісім жасасады және шығындарды өтеу туралы келісімде көрсетілген мерзімде өтейді.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымшада:

Оқу/тағылымдамадан өту шартын жасау үшін құжаттар тізбесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Осы Қағидалардың 11-тармағында көрсетілген жағдайда, Стипендиаттың ауылдық елді мекендерде тұрақты тұрғылықты жері бойынша оқуға/тағылымдамадан өтуге шарт жасалған күннің алдындағы соңғы 3 (үш) жыл ішінде тіркелгенін растайтын тұрғылықты жері туралы мәліметтер.".

3. "Болашақ" халықаралық стипендиясын іске асыру бойынша кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 22 мамырдағы № 318 бұйрығына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11258 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасы келесі редакцияда жазылсын:

"1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындаға үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білудің қажетті ең төменгі деңгейі;";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген жұмыс орнын сақтау шартымен жұмыс берушінің маман даярлауға өтінімі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 2-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген үміткердің "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсына қатысу үшін сауалнамасының үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 3-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін бағалар баламалылығы кестесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 4-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлердің тәуелсіз сараптамалық комиссия мүшелерімен жеке әңгімелесуін бағалау парағының үлгілік нысаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тілдік курстар ұзақтығының кестесі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

4. "Тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастыруды бекіту туралы" Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 9 маусымдағы № 268 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерінің мемлекеттік тізілімінде № 15253 тіркелген, Нормативтік құқықтық актілерінің электрондық түрдегі эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 26 маусымда жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген тәуелсіз сараптамалық комиссия жұмысын ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

5. "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы әкімшісі алдында қаржылық берешегі

бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2017 жылғы 19 шілдедегі № 345 бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15455 тіркелген, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілердің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 21 тамызында жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясынан бас тартқан немесе одан айырылған, сондай-ақ "Болашақ" халықаралық стипендиясы әкімшісі алдында қаржылық берешегі бар "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпаздарын оқытуға жұмсалған бюджеттік қаражатты қайтаруға байланысты жұмысты ұйымдастыру қағидаларында:

2-тармақта:

2) және 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Болашақ" халықаралық стипендиясы (бұдан әрі - "Болашақ" стипендиясы) - Қазақстан Республикасы азаматтарының шетелдік жетекші жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында күндізгі оқу нысаны бойынша оқуы немесе Шетелдерде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссия санаттарын айқындайтын жұмыскерлердің шетелдік ұйымдарда тағылымдамадан өтуі үшін Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайтын стипендия;

3) "Болашақ" стипендиясын тағайындау конкурсының жеңімпазы (бұдан әрі - конкурс жеңімпазы) - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 11 маусымдағы № 573 қаулысымен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін үміткерлерді іріктеу қағидаларында көзделген барлық турлардан ойдағыдай өткен және Шетелде кадрлар даярлау жөніндегі республикалық комиссияның шешіміне сәйкес " Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалған үміткер;";

8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"8) қаржылық борышкер - Әкімші алдында қаржылық берешегі бар тұлға;";

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Борышкерлер оқуын ұйымдастыруға жұмсалған шығындар сомасын қалыптастыру аяқталғаннан кейін Әкімші борышкерге жазбаша, сондай-ақ электрондық/телефон байланысы арқылы шығындар сомасын өтеу қажеттілігі туралы хабарлайды.

Оқуды ұйымдастыру шығындарын өтеу туралы хабарламаны Әкімші борышкерге аударылған шығындардың толықтығын, жабылмаған аванс төлемдерінің болуын тексеріп, борышкердің оқуын ұйымдастыруға жұмсалған шығыстарды анықтағаннан кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде оның соңғы белгілі мекенжайына осы Қағидалардың 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды.";

8 және 9-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

"8. "Болашақ" стипендиясы түлектерінде, стипендиаттарда берешектің бар болғаны анықталған жағдайда Әкімші қаржылық борышкерге жазбаша, электрондық/телефон байланысы арқылы берешек сомасын өтеу қажеттілігі туралы хабарлайды.

Қаржылық берешегін өтеу туралы хабарламаны Әкімші қаржылық борышкерге олардың оқуын ұйымдастыруға жұмсалған шығындардың толықтығын, жабылмаған аванс төлемдерінің болуын тексергеннен кейін 10 (он) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде соңғы оның белгілі мекен-жайына осы Қағидалардың 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жолдайды.

9. Борышкердің (қаржылық борышкердің) шығындарды (берешекті) бір жолғы төлеммен өтеу мүмкіндігі болмаған жағдайда Әкімші берешекті өтеу туралы келісімді төлемдер кестесін құрастырумен жасау арқылы өтеуді қарастырады.

Шығындарды (берешекті) борышкерлерден (қаржылық борышкерлерден) өтеу туралы келісімді жасау тәртібі Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Шығыстарды өтеу туралы келісім берешекті өтеу туралы шешім қабылданған сәттен бастап және/немесе "Болашақ" стипендиясынан өз еркімен бас тартқан борышкерді қоспағанда, одан әрі ұзарту мүмкіндігімен жасалатын шарттың бүкіл кезеңіне тең төлеммен шығындарды (берешекті) өтей отырып, 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімде өтеу туралы борышкер (қаржылық борышкер) хабарлама алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде Әкімші мен борышкер арасында жасалады.

Шығыстарды өтеу туралы келісім берешекті өтеу туралы шешім қабылданған сәттен және/немесе шығыстарды өтеу туралы хабарлама алған күннен бастап 20 ( жиырма) жұмыс күні ішінде "Болашақ" стипендиясынан өз еркімен бас тартқан борышкер мен Әкімші арасында 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімге жасалады.

Борышкермен (қаржылық борышкермен), "Болашақ" стипендиясынан өз еркімен бас тартқан борышкерді қоспағанда жасалған шығыстарды өтеу туралы келісімді ұзартуға 1 (бір) жылдан аспайтын мерзімде төлемдер кестесінде көрсетілген шығыстар сомасын уақтылы өтеген жағдайда рұқсат етіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Ай сайынғы төлемдер сомасының және/немесе осы Қағидаларының 9-тармағында көрсетілген мерзімнің мөлшерін берешекті өтеу мүмкін болмаған жағдайда , "Болашақ" стипендиясынан өз еркімен бас тартқан борышкерді қоспағанда, борышкер (қаржы борышкері) растайтын құжаттарды қоса бере отырып, Әкімшіге жазбаша өтінішпен жүгінеді.

Ұсынылған құжаттармен бірге түскен өтініш ай сайынғы төлемдер сомалары мөлшерін белгілеу және шығындарды (берешекті) өтеудің мүмкін мерзімі туралы шешім қабылдау үшін Комиссия қарауына жіберіледі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Борышкер (қаржылық борышкер) Комиссия қабылдаған шешіммен келіскен жағдайда "Болашақ" стипендиясынан өз еркімен бас тартқан борышкерді қоспағанда, борышкер (қаржылық борышкер) мен Әкімші арасында әрі қарай ұзарту мүмкіндігімен 3 (үш) жылдан аспайтын мерзімге шығыстарды өтеу туралы Келісімге/келісімге қосымша келісім жасалады. Төлемдер кестесінде көрсетілген шығындар сомаларын уақытында төлеген жағдайда келісім мерзімін ұзартуға рұқсат етіледі. Ұзарту мерзімі 1 (бір) жылдан аспауы тиіс.";

15-тармақ алынып тасталсын;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Жасалған Келісім шеңберінде шығындарды (берешекті) төлеу бойынша міндеттемелер орындалмаған немесе борышкер (қаржылық борышкер) шығындар ( берешек) сомасын ерікті түрде өтеуден бас тартқан немесе борышкер (қаржылық борышкер) осы Қағидалардың 6 және 8-тармақтарында көрсетілген тиісті талаптарды елемеген жағдайда, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 180-бабының 3-тармағында көзделген ерекшеліктерді ескере отырып, Әкімші шығындарды (берешекті) сот тәртібінде өндіріп алады. Талап арызы төлем мерзімі 2 (екі) айдан асып кеткен жағдайда беріледі.".

6. "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсы жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындары, шетелдік ұйымдар тізімін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 5 қыркүйектегі № 444 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15819 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің электрондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 қаңтарда электрондық түрде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсы жеңімпаздарының оқуы, тілдік курстардан өтуі үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындары, шетелдік ұйымдар тізімін қалыптастыру жөніндегі нұсқаулықта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Жұмыс органы шетелдік жоғары оқу орындарының ресми сайттарынан және академиялық рейтингтерді жариялайтын агенттіктердің интернет ресурстарынан алынған ақпарат негізінде талдау жасайды. Соның нәтижесінде "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау конкурсы жеңімпаздарының оқуы үшін ұсынылатын шетелдік жетекші жоғары оқу орындары, шетелдік ұйымдар келесі бір және одан да көп өлшемшартқа сәйкес келген жағдайда Тізімде қалыптастырылады:

1) оқу орны халықаралық академиялық рейтингтері кемінде екеуінің: Квакарелли Саймондс әлемдегі үздік университеттер рейтингі (QS World University Rankings), әлем университеттерінің академиялық рейтингі (Academic Ranking of World Universities),

Таймс басылымының дерегі бойынша әлемдегі үздік университеттер рейтингі (Times Higher Education World University Rankings), ЮС Ньюс энд Ворлд Репорт басылымының дерегі бойынша әлемдегі үздік университеттері рейтінгінің (The U.S. News & World Report Best Global University Ranking) соңғы жарияланымына сәйкес алғашқы 100 (жүз) орнының қатарына кіреді;

2) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының қатысушы-мемлекеттері аумағында орналасқан оқу орны рейтингтің соңғы жарияланымына сәйкес, ЮС Ньюс энд Ворлд Репорт (The U.S. News & World Report Best Global University Ranking) басылымының дерегі бойынша әлемдегі үздік университеттер рейтингінің 65 балдан кем емес бағалау нәтижесіне (Global Score) ие.

Осы өлшемшарт, егер осы тармақтың 1) тармақшасына сәйкес елдердің бірінде оқу орындарының саны 30 оқу орнынан асып кеткен жағдайда қарастырылмайды.".

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтары
тізбесіне 1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
2015 жылғы 22 мамырдағы
№ 318 бұйрығына
1-қосымша

## "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік және шет тілдерін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

## "Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік тілді білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін мемлекеттік тілді білуінің қажетті ең төменгі деңгейі В1 деңгейін (базалық деңгей) құрайды.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткер Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Ұлттық тестілеу орталығы" РМК берген В1 және одан да жоғары деңгеймен мемлекеттік тіл бойынша емтихан (КАЗТЕСТ) тапсырғаны туралы ресми сертификатты ұсынады.

"Болашақ" халықаралық стипендиясы тағайындалуына үміткерлер үшін шет тілін білуінің қажетті ең төменгі деңгейі

| № | Болжалды оқу елі | Оқу тілі | Бірінші межелік деңгей | Мамандық бағыты* | Екінші межелік деңгей | Ескерту |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1. | Аустралия** | ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>DET 95-тен жоғары /IELTS Indicator 6.0*** | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | |
| 2. | Германия Федеративтік Республикасы** | Ағылшын / Неміс | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>Goethe-Zertifikat B2, OnSet B2 | Медициналық, Құқық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | 1) Германия Федеративтік Республикасында академиялық бағдарламалар бойынша оқуға үміткерлер DAAD комиссиясымен өз қаражаты есебінен әңгімелесуден өтеді<br>2) Кейбір ЖОО-дағы " магистратура" бағдарламасына түскенде (мамандыққа байланысты) GMAT емтиханын тапсыру керек.<br>3) Неміс тілінде оқуға үміткерлер Goethe-Zertifikat, OnSet, Test-DaF, DSH сертификаттары болған жағдайда ғана конкурсқа қатысуға жіберіледі. |
| | | | | Техникалық, Гуманитарлық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79-93<br>Goethe-Zertifikat C1<br>Test-DaF 4;<br>DSH 2 | |
| 3. | Бельгия Корольдігі** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | |
| 4. | Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігі ** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>DET 95-тен жоғары /IELTS Indicator 6.0*** | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 5. | Дания Корольдіггі** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | |
| 6. | Жаңа Зеландия** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | |
| 7. | Швеция Корольдігі** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | |
| 8. | Израил мемлекеті ** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 550,<br>IBT 120-дан 79-93 | "Магистратура" бағдарламасына түскенде GRE емтихан тапсыру керек. |
| 9. | Италия Республикасы** | Ағылшын / Итальян | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>CILS<br>DUE B2/CELI 3 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 550,<br>IBT 120-дан 79-93<br>CILS<br>QUATTROC2/ CELI 5 | Итальян тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға CILS, CELI сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |
| 10. | Ко Испания корольдігі** | Ағылшын / Испан | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>DELE B2 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 550,<br>IBT 120-дан 79-93<br>DELE DiplomasB2 | Испан тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға DELE сертификаты болғанда ғана жіберіледі. |
| | | | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500, | | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден | "Магистратура", "докторантура" бағдарламаларына оқуға түскенде GRE, GMAT емтихандарын ( |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 11. | Америка Құрама Штаттары** | Ағылшын | IBT 120-дан 60-78<br>DET 95-тен жоғары /IELTS Indicator 6.0*** | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | мамандығы мен бағдарламасына байланысты) тапсыру керек. |
| 12. | Канада** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>DET 95-тен жоғары /IELTS Indicator 6.0*** | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 94-101 | "Магистратура", "докторантура" бағдарламаларына оқуға түскенде GRE, GMAT емтихандарын (мамандығы мен бағдарламасына байланысты) тапсыру керек. |
| 13. | Нидерланд Корольдігі** | Ағылшын / Голланд | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>ITP**/PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78<br>PPT(B2) | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>TOEFL:<br>ITP**/PBT 677-ден 600,<br>IBT 120-дан 79-93<br>Profile Academic and professional language proficiency (Educatif Professioneel - PAT) (C1)<br>Profile Language Proficiency higher eduction (Educatif Startbekwaam - PTHO) (C1) | 1) Голланд тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Profile Academic and professional language proficiency (Educatif Startbekwaam - PTHO), Profile Language Proficiency higher eduction (Educatif Professioneel -PAT) сертификаттары болғанда ғана жіберіледі.<br>2) "Магистратура", бағдарламасына оқуға түскенде GRE, GMAT емтихандарын (мамандығына байланысты) тапсыру керек |
| 14. | Норвегия корольдігі** | Ағылшын / Норвег | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 550,<br>IBT 120-дан 60-78<br>Norskprøve 3 (B1) | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 550,<br>IBT 120-дан 79-93<br>Bergentest (C1) | Норвег тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Norskprøve, Bergentest сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |
| 15. | Сингапур Республикасы ** | Ағылшын | IELTS: 9.0-ден 6.0<br>TOEFL:<br>PBT 677-ден 500,<br>IBT 120-дан 60-78 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5<br>PBT 677-ден 550,<br>IBT 120-дан 79-93 | |
| | | | | | | |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 16. | Финляндия Республикасы** | Ағылшын / Фин | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60-78 YKI 4 (B2) | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: PBT 677-ден 550, IBT 120-дан 79-93 YKI 5 (C1) | Фин тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға YKI сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |
| 17. | Француз Республикасы** | Ағылшын / Француз | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60-78 TCF 400 DELF B2 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: PBT 677-ден 600 IBT 120-дан 94-101 TCF 500 DALF C1 | Француз тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға TCF, DELF сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |
| 18. | Швейцария Конфедерациясы ** | Ағылшын / Француз/ Неміс | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60-78 TCF 100 DELF A1 Goethe-Zertifikat A1 DAAD 5.0 из 10 OnSet A2 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 7.0 TOEFL: PBT 677-ден 600, IBT 120-дан 94-101 TCF 500 DALF C1 Goethe-Zertifikat C1; Test-DaF 4; DSH 2 | Француз тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға TCF, DELF; неміс тілінде Goethe-Zertifikat, DAAD, OnSet, DSH, Test-DaF сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |
| 19. | Корея Республикасы ** | Ағылшын / Корей | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60-78 TOPIK (level 3) | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: PBT 677-ден 550 IBT 120-дан 79-93 TOPIK (level 4) | Корей тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Test of Proficiency in Korean (TOPIK) сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |
| 20. | Жапония** | Ағылшын / Жапон | IELTS: 9.0-ден 6.0 TOEFL: PBT 677-ден 500, IBT 120-дан 60-78 JLPT level N2 | Гуманитарлық, Техникалық, Медициналық | IELTS: 9.0-ден 6.5 TOEFL: PBT 677-ден 550 IBT 120-дан 79-93 JLPT level N1 | Жапон тілінде оқуға үміткерлер конкурсқа қатысуға Japanese Language Proficiency Test (JLPT) сертификаттары болғанда ғана жіберіледі. |

Ескерту:

*Технихалық бағыт - жыл сайын бекітетін "Болашақ" халықаралық стипендиясын тағайындау үшін басым мамандықтар тізбесінің (бұдан әрі - Тізбе) мына бөлімдеріндегі мамандықтар:

Техникалық ғылымдар мен технологиялар; Жаратылыстану ғылымдары; Ауыл шаруашылығы ғылымдары.

Гуманитарлық бағыт - Тізбесінің мына бөлімдеріндегі мамандықтар: Әлеуметтік ғылымдар, экономика және бизнес; Гуманитарлық ғылымдар; Өнер.

Медициналық бағыт - Тізбесінің мына бөлімдеріндегі мамандықтар: Денсаулық сақтау және әлеуметтік қамтамасыз ету (медицина).

**Көрсетілген елдер үшін ағылшын тілінен тілдік курстардан өту Қазақстан Республикасының аумағында тілдік мектептерде жүзеге асырылады.

***Шектеу іс-шаралары, оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағында карантин кезеңінде үміткерлер онлайн емтихан тапсырғаны туралы жарамды ресми электронды сертификатты ұсынады.

Бірінші межелік деңгей - ағылшын тілі бойынша Қазақстан Республикасының аумағындағы тілдік курстарға жіберу үшін, басқа шет тілдері бойынша оқу еліндегі тілдік курстарға жіберу үшін.

Екінші межелік деңгей - академиялық оқуға жіберу үшін.

Қазақстан Республикасының аумағындағы мерзімі 6 (алты) айдан аспайтын тілдік курстар аяқталғаннан кейін академиялық оқуға жіберу үшін CEFR шет тілін меңгеру бойынша жалпы еуропалық біліктіліктер стандарттарына сәйкес ағылшын тілін С1 деңгейінде білу деңгейін анықтауға арналған бақылау тестін тапсыру мүмкін.

Тағылымдамадан өтуге үміткерлер тағылымдамадан өту үшін қабылдайтын шетелдік ұйымның талабы болған жағдайда, сондай-ақ визаны ресімдеу қажет болған кезде тағылымдамадан өту үшін тиісті нәтижесі бар, шет тілі бойынша емтихан тапсырғаны туралы белгіленген нысандағы жарамды ресми сертификатты ұсынады.

Емтихандардың атаулары бойынша ақпарат:

IELTS (International English Language Testing System - Интернэйшэнал Инглиш Лэнгуич Тестинг Систэм) - ағылшын тілін білуді тестілеудің халықаралық жүйесі;

TCF (Test de connaissance du français - Тест де конэсонс дью фронсэ) - француз тілін білу тесті;

DELF (Diplome d'Etudes en Langue Francaise - Дипломэ тьюд он Лонг Фронсэз) - француз тілін білуі туралы диплом;

DALF (Diplome Approfondi de Langue Francaise - Дипломэ Апрофонди ду Лонг Фронсез) - француз тілін терең білуі туралы диплом;

HSK (Hanyu Shuiping Kaoshi - Ханьюй Шуйпин Каоши) - шетелдіктерді, қытай эмигранттарды және аз ұлттар өкілдерін қоса алғанда, қытай тілінде сөйлемейтін адамдардың қытай тілін білу деңгейін сертификаттауға арналған ҚХР мемлекеттік емтиханы;

JLPT (Japanese Language Proficiency Test - Джапанис Лэнгуич Профишэнси Тест) - жапон тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

TOPIK (Test of Proficiency in Korean - Тест оф Профишэнси ин Кориан) - корей тілін білу деңгейін анықтау емтиханы;

GRE (Graduate Record Examination - Градьюэйт Рекорд Экзаминэйшн) - нақты мамандық бойынша негізгі білімін тестілеу;

GMAT (General Management Admission Test - Дженерал Мэнэджмент Адмишэн Тест ) - менеджмент саласындағы білім деңгейі мен біліктілігін анықтаудың электрондық тесті;

DELE (Diplomas de Español como Lengua Extranjera - Дипломас дэ Эспаньол комо Лингуа Икстранхера) - шет тілі ретінде испан тілін білу сертификаты;

CILS (Certificazione di Italiano come Lingua Straniera - Цертификационе ди Итальяно комэ Лингуа Страниера) - шет тілі ретінде итальян тілін білу деңгейін растаушы сертификат;

CELI (Certificatos di Conoscenza della Lingua Italiana - Цертификатос ди Коношэнза деллья Лингуа Итальяна) - шет тілі ретінде итальян тілін білу сертификаты;

Norskprøve, Bergentest (Нуржкпрэва, Баргентест) - шет тілі ретінде норвег тілін білу сертификаты;

Profile Academic and professional language proficiency (Educatif Startbekwaam - PTHO) (Profile Academic and professional language proficiency - Профайл Академик энд профешионал лэнгуич профишэнси (Эдукатиф Стартбекуам ПТХО) - шет тілі ретінде голланд тілін білу сертификаты;

PAT (Profile academic and professional language proficiency - Профайл Акадэмик энд Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) - академиялық голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

TestDaF (Test Deutsch als Fremdsprache - Тест Дойч альс Фремдшпрахэ) - Тест DaF Германияда оқу үшін қажетті неміс тілі деңгейін тексеретін тест. Бұл емтиханды әлем бойынша лицензияланған орталықтарда, сонымен қатар, Қазақстанда тапсыруға болады ;

Goethe-Zertifikat (Гете Цертификат) - Неміс тілін білуін растау үшін қажетті Гете-Институтының сертификаты. Гете-институтында сертификат алу үшін емтиханды Гете-институттарында да, біздің әріптестеріміз болып табылатын емтихан алу орталықтарында да тапсыруға болады;

OnSet (ОнСэт) - неміс тілі деңгейін анықтауға арналған тест;

DSH (Deutsche Sprachprüfung für den Hochschulzugang - Дойч Шпрахпрюфунг фюр ден Хохшульцуганг) - DSH емтиханы Германиядағы жоғары оқу орындарының біріне түсу үшін қажет. DSH емтиханы Германия жоғары оқу орындарында кезекті семестрлер басталғанға дейін 3-4 апта бұрын тапсырылады;

TOEFL (Test of English as a Foreign Language - Тест оф Инглиш ас э Форейн Лэнгуич) - шет тілі ретінде ағылшын тілі бойынша тест мынадай түрлерге бөлінеді;

ITP (Institutional Testing Program - Инститьюшэнал Тестинг Програм) - үміткерлердің тілдік дайындығын алдын ала анықтауға арналған бейресми тест;

PBT (Paper-based test - Пэйпер-бэйзд тест) - қағаз жеткізгіштегі ресми тест;

IBT (Internet-based test - Интернет-бейзд тест) - Интернет арқылы тапсырылатын ресми тест.

CEFR (Common European Framework of Reference for Languages - Камон Еуропиан Фрэмворк оф Рэфэрэнс фор Лэнгуэджэс) - Шет тілін меңгеру бойынша жалпы еуропалық біліктіліктер стандарттар.

YKI (Yleiset Kielitutkinnot - Уляиссэт Киелитуткиннот) - фин тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

DAAD (Deutscher Akademischer Austauschdienst - Дойчэ Акадэмишер Аустаушдинст ) - неміс академиялық алмасу қызметі;

PMT (Profile societal language proficiency - Профайл Сосайэтал Лэнгуич Профишэнси) - ауызекі голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан;

PPT (Profile professional language proficiency - Профайл Профэшэнал Лэнгуич Профишэнси) - кәсіби голланд тілін меңгеру деңгейін анықтау бойынша емтихан.

DET (Duolingo English test) (Дуолинго Инглиш тест) - бейне әңгімелесу және нәтижелерді жылдам өңдеу арқылы ағылшын тілін білуді анықтау бойынша онлайн-тест.

IELTS Indicator (International English Language Testing System - Интернэйшэнал Инглиш Лэнгуич Тестинг Систэм индикаторы) - Covid-19 пандемия кезеңінде Британдық Кеңес ұйымдастырған ағылшын тілін білуді анықтау бойынша онлайн-тест.

Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтары
тізбесіне 2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Білім және ғылым министрінің
міндетін атқарушының
